



Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20567 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

A. Айтмагамбетов

Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына 1-қосымша

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 384 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-2) тармақшасына сәйкес әзіrlenген және педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін айқындайды.

2. Бағдарламаларды педагогтердің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламаларын іске асыратын үйымдар әзірлейді.

3. Бағдарламаларға сараптама жүргізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі - Уәкілетті орган) бүйрығымен үш жыл мерзімге консультативтік-кеңесші орган – Сараптамалық кеңес құрылады.

Сараптамалық кеңестің құрамына ғылыми үйымдардың қызметкерлерінің қатарынан кемінде жеті адам, білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, білім беру үйымдарында, оның ішінде педагогикалық жоғары оқу орындарында кәсіби қызметті іске асыратын педагогтер кіреді.

2-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәртібі

4. Бағдарламаны әзірлеу үшін педагогтердің біліктілігін арттыру үйымы мыналарды жүргізеді:

Қазақстан Республикасының заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді талдау;

зерттеудің сапалық және/немесе сандық әдістер арқылы педагогтердің кәсіби дамуындағы қажеттіліктерін талдау. Сапалы деректерді жинау педагогтермен және/немесе оқушылармен сұхбат және фокус-топтар арқылы педагогтердің қазіргі оқыту тәжірибелерін, дағылары мен сенімдерін зерделеу және қажет болған жағдайда сабактарға қатысу арқылы жүргізіледі. Сандық деректерді жинау педагогтерге және/немесе оқушыларға саулнама жүргізу және/немесе тестілеу арқылы жүргізіледі. Зерттеу әдістемесі, оның ішінде құралдар, іріктеу өлшемшарттары және зерттеу жүргізу рәсімдері бағдарламаның ерекшелігімен айқындалады.

5. Біліктілікті арттыру үйымы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің қажеттіліктеріне жүргізген талдау нәтижелері хаттамалық шешіммен рәсімделеді. Хаттамаға Қазақстан

Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің қажеттіліктеріне сараптама жүргізген адамдар, сондай-ақ біліктілікті арттыру үйымының басшысы қол қояды.

6. Хаттаманың негізінде біліктілікті арттыру үйымы Бағдарламаны әзірлеу мерзімдерін, Бағдарламаның атауын, оқыту ұзақтығы мен нысанын көрсете отырып бұйрық шығарады.

7. Бағдарламаларды педагогтердің біліктілігін арттыру үйимдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің ұлгілік оқу жоспарларын ескере отырып әзірлейді.

8. Бағдарлама мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) жалпы ережелер;
- 2) глоссарий;
- 3) Бағдарлама тақырыбы;
- 4) Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері;
- 5) Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
- 6) оқу процесін үйимдастыру;
- 7) Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;
- 8) оқу нәтижелерін бағалау;
- 9) курстан кейінгі қолдау;
- 10) негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.

"Жалпы ережелер" деген бөлім Бағдарламаның өзектілігін және оның жалпы мемлекеттік басымдықтар мен әлемдік трендтермен байланысын ашып көрсетеді;

"Глоссарий" деген бөлім Бағдарламада қолданылатын терминдерді, олардың өзектілігі мен бірегейлігін тізімдейді;

"Бағдарлама тақырыбы" бөлімінде Бағдарламаның жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде аналогтардың бар/жоқтығын талдауды сипаттайды.

"Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері" деген бөлімі Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы, оқыту нәтижелерінің педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсерін сипаттайды.

"Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны" деген бөлім Бағдарламаның жоспарын, Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері бойынша күтілетін нәтижелердің өзара байланысын сипаттайды.

"Оқу процесін ұйымдастыру" деген бөлім оқу процесінің форматын, сағат санын және оқыту нысандарын сипаттайды.

"Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету" деген бөлім оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері ұсынылған Бағдарламаны іске асыру үшін дидактикалық көзқарасты сипаттайды.

"Оқыту нәтижелерін бағалау" деген бөлім пән саласының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістерін көрсетеді.

"Курстан кейінгі қолдау" деген бөлім курсантастырылады. Курсантастырылады оқыту нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістерін сипаттайды.

"Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі" деген бөлім соңғы 5 жылдағы өзекті отандық және шетелдік басылымдарды қамтиды.

9. Барлық Бағдарламалардың жобалары жария талқылау үшін педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымының интернет-порталында келісуге жіберілгенге дейін орналастырылады. Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы авторланған пайдаланушылардан талқыланатын білім беру бағдарламасына қатысты ұсыныстарды, ескертулерді немесе ұсынымдарды алғаннан кейін, білім беру бағдарламасының әзірлеушілері интернет- порталда аталған ұсыныстардың, ескертулердің, ұсынымдардың ескерілетінін немесе негізdemемен бас тарту туралы жауап ұсынады. Жобаларды жария талқылау мерзімі оларды интернет- порталға орналастырған күннен бастап он жұмыс күнін құрайды.

10. Бағдарламалар мынадай тәртіппен ресімделеді

Мәтін қағаз немесе электрондық бланкіде *docx форматында келесі параметрлерді ескере отырып басылады:

1) қаріп – "Times New Roman" pt 14 өлшемі;

2) жоларалық интервал - бір;

3) абзацтық шегініс (бірінші жолдың шегінісі) - 1,25 сантиметр;

4) сол жақ жиегі - 2,5 сантиметр, он жақ жиегі - 1,5 сантиметр, колонтилдар - 2,5 сантиметр.

3-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курсарның білім беру бағдарламаларын келісу тәртібі

11. Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдары Бағдарламаны Уәкілетті органға келісу үшін келесі күжаттарды электронды нысанда жолдайды:

біліктілікті арттыру үйымының ресми бланкісіндегі ілеспе хат; Бағдарлама жобасы;

Қағидалардың 5-тармағына сәйкес хаттаманың көшірмесі;

Қағидалардың 6-тармағына сәйкес бұйрықтың көшірмесі;

жария талқылау үшін педагогтердің біліктілігін арттыру үйымының интернет-порталында орналастырылған Бағдарлама жобасына белсенді сілтеме.

12. Уәкілетті орган біліктілікті арттыру үйымының құжаттары келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды Сараптамалық кеңестің қарауына жібереді.

13. Сараптамалық кеңестің Бағдарлама жобасын қарау мерзімі - 15 жұмыс күні. Бағдарлама жобасын қарау қорытындылары бойынша Сараптамалық кеңес сараптамалық қорытынды қалыптастырады, оны Уәкілетті органға және біліктілікті арттыру үйымына жібереді. Сараптамалық қорытындыда келесі шешімдердің бірі болуы тиіс:

бағдарламаны келісу;

пысықтауға қайтару;

бағдарламаны келісуден бас тарту.

Бағдарлама жобасы осы Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-тармақтарына сәйкес келген жағдайда Сараптамалық кеңес Бағдарламаны келісу туралы сараптамалық қорытынды береді.

Бағдарлама жобасы осы Қағидалардың 8 және 10-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда Сараптамалық кеңес Бағдарламаны пысықтауға қайтару туралы сараптамалық қорытынды береді. Өндөлген Бағдарлама жобасында ескертулер толық көлемде түзетілмесе Бағдарламаны келісуден бас тарту туралы сараптамалық қорытынды беріледі.

Бағдарлама жобасы осы Қағидалардың 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда Сараптамалық кеңес Бағдарламаны келісуден бас тарту туралы сараптамалық қорытынды береді.

Сараптамалық қорытындыда Сараптамалық кеңес отырысы хаттамасының күні мен нөмірі көрсетіледі.

14. Педагогтердің біліктілігін арттыру үйымы Бағдарлама жобасын пысықтау қажеттілігі туралы қорытынды алғаннан кейін осы Қағиданың 5, 6 тармақтарында көрсетілген құжаттарды қайта жаңартпай, сараптамалық қорытындыны ресми алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде оны пысықтайды және қайта келісуге жібереді.

Келісуден бас тарту туралы сараптамалық қорытынды алғаннан кейін педагогтердің біліктілігін арттыру үйымы осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес Бағдарлама жобасын қайта әзірлейді.

4-тарау. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы

15. Бағдарламалар Сараптамалық кеңестің келісу туралы шешімін алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде педагогтердің біліктілігін арттыру үйымының бүйрекімен бекітіледі.

16. Уәкілетті орган Сараптамалық кеңеспен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастырады.

Келісілген Бағдарламалар тізілімі Уәкілетті органның сайтында орналастырылады және ол Уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламаларының атауын, Бағдарламаларды әзірлеуші үйымының атауын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын келісу күнін қамтиды.

17. Бекітілген Бағдарламаларды қайта қарау үш жылда кемінде 1 рет жүзеге асырылады.

Бекітілген бағдарламалардың тиімділігі мен өзектілігін арттыру мақсатында оларды қайта қарау үшін біліктілікті арттыру үйымы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына және нормативтік құқықтық актілерге талдау жүргізеді;

2) білім беру бағдарламаларының тиімділігі мониторингінің нәтижелеріне талдау жүргізеді және оларды хаттамамен рәсімдейді;

3) бағдарламаны қайта қарау (жаңарту немесе күшін жою) туралы шешім қабылдайды және бұл шешімді бүйрекпен рәсімдейді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 4 мамырдағы
№ 175 бүйрекіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің күші жойылған кейір бүйректарының тізбесі

1) "Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қантардағы № 32 бүйрекі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 24 ақпанда № 13182 болып тіркелді, 2016 жылғы 06 сәуірде Қазақстан Республикасы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 92 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 29 ақпанда № 13306 болып тіркелген; 2016 жылғы 06 сәуірде Қазақстан Республикасы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3) "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 193 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 13594 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 сәуірде Қазақстан Республикасы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

4) "Өзін-өзі тану" рухани- адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 293 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 25 мамырда № 13735 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 маусымда Қазақстан Республикасы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

5) "Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қантардағы № 32 бүйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қыркүйектегі № 558 бүйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 24 қазанда № 14356 болып тіркелген, 2016 жылғы 25 қарашада Қазақстан Республикасы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

6) "Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қантардағы № 32 бүйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қантардағы № 32 бүйрығы (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 6 наурызда № 14873 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 27 наурызда жарияланған);

7) "Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсараларын білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 193 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 сәуірдегі № 155 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 18 мамырда № 15130 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 31 мамырда жарияланған);

8) "Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру үйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсараларын білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 26 мамырда № 15182 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 26 маусым жарияланған);

9) "Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсараларын білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 193 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № 165 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16877 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 23 маусымда жарияланған);

10) "Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсараларын білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және

ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қантардағы № 32 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы 2018 жылғы 9 шілдедегі № 327 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 27 шілдеде № 17239 болып тіркелген; Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 15 тамызда жарияланған);

11) "Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру үйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 92 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 161 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2019 жылғы 24 сәуірде № 18578 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 14 мамырда жарияланған);

12) "Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 193 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 25 шілдедегі № 330 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2019 жылғы 26 шілдеде № 19092 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 6 тамызда жарияланған);

13) "Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсаралының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 10 наурыздағы № 193 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 қазандағы № 428 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2019 жылғы 1 қазанда № 19438 болып тіркелген; Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 4 қазанда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚРМК